

БЕКІТІЛДІ
Атырау облыстық
фтизиопульмология
орталығының директоры
Б.З.Газизов
23 наурыз 2025 жыл



Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызмет туралы ереже

Осы Ереже Қазақстан Республикасының заннамалық актілеріне сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мәртебесін, өкілеттіктерін және жұмысын үйымдастыруды айқындауды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әдістемелік ұсынымдарда ұғымдар мынадай мағынада колданылады:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектісі бөлімшелерінің біріне жүктелетін тиісті ұйымның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы заннамасын сактаудың қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) квазимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заннамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар;

3) мұдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды аткараратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілдегік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасында аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттемелерін орындаудына және (немесе) тиісінше орындаудына алғы келуі мүмкін қайшылық;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл ушін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және

енгізу арқылы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал етегін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жоніндегі қызметі.

2. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі - ЗАң) және квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі құжаттарына сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыратын құрылымдық болімшелер айқындалады.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер директорлар кеңесінің, қадағалау кеңесінің (ол болған кезде) шешімімен немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге тәуелсіз басқару органнан құрылады.

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің құрылымы мен штат санын (сандақ құрамын) директорлар кеңесінің, қадағалау кеңесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының келісімі бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшысы бекітеді.

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер жұмыскерлерінің функционалдық міндеттемелері, құқықтары мен жауапкершілігі квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереженің негізінде әзірленетін тиісті лауазымдық нұсқаулыктармен айқындалады және оларды директорлар кеңесімен, қадағалау кеңесімен (ол болған кезде) немесе өзге тәуелсіз басқару органымен келісу бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшысы бекітеді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы тиісті акт квазимемлекеттік сектор субъектісінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және ұйымның барлық жұмыскерлерінің назарына жеткізіледі.

2-тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мәртебесі

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет квазимемлекеттік сектор субъектісінің бөлімшесі болып табылады, басқа құрылымдық бөлімшелерден тәуелсіз, директорлар кеңесіне, қадағалау кеңесіне (ол болған кезде) немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де тәуелсіз басқару органына бағынады және есеп береді.

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдауда және іске асыруда тәуелсіз.

8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқа құрылымдық бөлімшелерінің құзыретіне жататын жұмыстарға, сондай-ак оның өкілеттіктеріне жатпайтын багдарламалар мен жобаларды дайындауда немесе орындауда тартылмайды.

9. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің жұмыскерлеріне квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ішкі нормативтік құжаттамасының ережелері қолданылады.

10. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтінің басшысын тағайындау және босату сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үәкілетті органды тиісті хабардар ете отырыш жүзеге асырылады.

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - қызметтің жұмысын бағалауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі үәкілдегі орган жүргізеді.

3-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің негізгі мақсаты тиісті квазимемлекеттік сектор ұйымының және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасын сактауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мақсаттары:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылдың негізгі қағидаттарын Заңға сәйкес сактауды қамтамасыз ету;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және кайта бағалау;

4) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру болып табылады.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілдегістер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметтің акпараттық ашықтығы;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру болып табылады.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функциялары:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылдың ішкі саясатын әзірлейді;

2) ұйым қызметтің ерекшелігін ескере отырып, квазимемлекеттік сектор субъектісінің жұмыскерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі пұсқаулықты әзірлейді;

3) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

4) корпоративтік әдеп құндылықтарын насиҳаттайтын;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік әдеп кодексін (болған кезде) сактауын бақылауды қамтамасыз етеді;

6) квазимемлекеттік сектор субъектісінің жұмыскерлерін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл мәселелері бойынша оқытуды ұйымдастырады;

7) құрылымдық бөлімшелердің ұйымның және жұмыскерлердің қызметінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымылдың ішкі бағдарламасын орындауды мониторингті әзірлейді жонс жүргізеді;

8) «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қагидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандығы №12 бүйрекінен сәйкес азаматтық және бизнес-коғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жұмысты үйлестіреді;

9) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жоніндегі уәкілетті органның және квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауга қатысады;

10) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқаруды жүзеге асырады;

11) мұдделер қақтығысын, оның ішінде жұмыска орналастыру мәселелеріндегі анықтау, мониторинглеу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

12) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйлықтар мен өкілдік шығыстар мәселелерін реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

13) қаржылық мәмілелер кезінде контрагенттерді тексеруді жүзеге асырады;

14) квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы етініштер (шағымдар) негізінде, қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға қатысады;

15) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға тенестірілген тұлғалар санатына жататын квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің Занға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сактауы тұрғысынан мониторинг жүргізеді;

16) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннамадағы, квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

17) құрылымдық бөлімшелердің және квазимемлекеттік сектор субъектілері жұмыскерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

18) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелер мен квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің тиісті ақпаратын тыңдайды;

19) квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар енгізеді;

20) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шаралар бойынша есептер мен ақпаратты сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жоніндегі уәкілетті органға жібереді;

21) жыл сайын квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кенесі, қадагалау кенесі (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органды,

сондай-ак сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органның басшысы алдында атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

15. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің құқықтары:

1) ұйымның ішкі құжаттарымен регламенттелген, бекітілген рәсімдер шенберінде квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік қупияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

2) өз құзыретіне жататын мәселелерді квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кенесінің, қадағалау кенесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органдының қарауына шығаруға бастамашылық жасау;

3) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасау;

4) квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшыларынан және басқа да жұмыскерлерінен қызметтік тергел-тексерулер шенберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап ету;

5) Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу және оларды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органның қарауына ұсыну;

6) өз құзыреті шегінде ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысу;

7) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл бойынша жұмыста консультациялық көмек көрсету;

8) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарламалар келіп түсетін ақпарат беру арналарын құру не сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу.

16. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің міндеттемелері:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, егер онда дайындалып жаткан сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың қупиялылығын сактайды;

2) сыйбайлас жемқорлықтың, корпоративтік әдеп кодексін және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың қупиялылығын қамтамасыз етеді;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы директорлар кенесін, қадағалау кенесін (ол болған кезде) немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де тәуелсіз басқару органдың уақытылы хабардар етеді;

4) квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар белгілері анықталған жағдайларда, материалдарды тиісті дәлелдемелермен бірге сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органга береді;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби әден талаптарын сақтайды.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің уакытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.

4-тaraу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне әдістемелік және акпараттық қолдау көрсетеді.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет токсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы кабылданған шараптар бойынша есептер мен акпаратты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органның аумақтық департаментіне жібереді.

20. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі жылдық есепті директорлар кенесіне, кадагалау кенесіне (ол болған кезде) немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де тәуелсіз басқару органына ұсынады.

21. Квазимемлекеттік сектор субъектісіне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жаткан іс-шаралар туралы өздерінің контрагенттерін, іскерлік әріптестерін, азаматтық қогам институттарын тұрақты негізде хабардар ету ұсынылады.